

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 21 мамырдағы № 10 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 мамырда № 6314 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 13 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округі әкімінің 10.12.2020 № 13 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1-бабы 7) тармақшасына сәйкес, Уәлиханов ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 17-07/72 ұсынысы негізінде, Қаратерек ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы Қаратерек ауылдық округі Қаратерек ауылында ірі қара малдың бруцеллезі бойынша шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қаратерек ауылдық  
округінің әкімі*

*А. Касымбеков*